

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ӨСКЕМЕН
ҚАЛАСЫНЫҢ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

2024 ж. «15» 11 Тіркелді
Құрылтай құжаттарына (ережеге) енгізілген
өзгерту мен толықтырулар
БСН 05104000 5606

«Шығыс Қазақстан облысының
қаржы басқармасы» ММ
2024 жылғы «11» 11

№ 493/к бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің «№ 7 «Радуга» балабақша-бөбекжайы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№7«Радуга» балабақша-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі- Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорынның құрылтайшысы «Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі атынан Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі-Жергілікті атқарушы орган) болып табылады.
3. Кәсіпорынды жалпы басқаруды жүзеге асыратын орган Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Білім беруді басқару органы) болып табылады.
4. Кәсіпорынға қатысты кәсіпорынның мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі-Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган).
5. Кәсіпорынның атауы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№7«Радуга» балабақша-бөбекжайы»» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
6. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қаныш Сәтпаев даңғылы, 8/4, пошта индексі 070017

2 тарау. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

Мамеева О.Р.

Мамеева О.Р.

7. Кәсіпорынның дербес балансы, заңнамаға сәйкес банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпорын заңды тұлғалар құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

10. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады: 2 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды қарау, күту және сауықтыру.

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру бірлігі қағидатын ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету; әрбір баланың бейімділігін, қабілеттерін, дарындарын іске асыруға бағдарлау және оны дамыту ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсіл негізінде бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын игеруге дайындау болып табылады.

13. Қойылған мақсатты іске асыру үшін кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1 Мектепке дейінгі білім (ЭҚЖЖ85. 10. 0):

- ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы бойынша жас топтарында (үш тәрбиеленушіден артық емес), оның ішінде қысқартылған немесе жеке;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарынан тыс мектеп жасына дейінгі балаларға арналған тегін негізде (мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен мүдделер) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;

2) алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитариялық көмек көрсету (ЭҚЖЖ 86.90.0).

14. Кәсіпорынның басым міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

мама 00
9

м. Кас